

**М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті
бастауыш ардагерлер ұйымының
есеп беру – сайлау жиналысының
ХАТТАМАСЫ**

«24» желтоқсан 2025ж.

Бастауыш ардагерлер ұйымының есебінде 149 адам тұрады.

Жиналысқа 101 делегат қатысты, 48 делегат қатыспады.

Шақырылғандар:

1. Хусайынов Б.Е. - Кәсіподақ комитетінің төрағасы;
2. Сейілхан А.А. – Облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі.

Жиналыстың жұмысына:

1. Тұрарова А.А.- Педагогика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;
2. Исабекова Г.Б. - Филология және гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы;
3. Тасуов Б. - Жаратылыстану факультетінің деканы;
4. Садибаев А.Қ. - Технологиялық факультетінің деканы қатысты.

Жиналысты жүргізу үшін **Хусайынов Б.Е.** төраға, хатшысы болып **Тастанова Ж.А.** сайланды.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Бастауыш ардагерлер ұйымы төрағасының 2025 жылғы қыркүйек пен 2025 жылдың желтоқсан аралығы кезеңіндегі жұмысы туралы есебі.
2. Бастауыш ардагерлер ұйымы кеңесінің жаңа құрамын сайлау.
3. Тараз қалалық ардагерлер ұйымының XIII конференциясына делегат сайлау

Бірінші мәселе бойынша бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Кабиева А.К. баяндама жасады (*баяндама хаттамаға тіркелген*).

Баяндама бойынша сөйлегендер:

1.Абдықадырова Т.Р. – Филология және гуманитарлық ғылымдар факультетінің профессоры; Біздің университеттің ардагерлер кеңесінің (АК) төрағасы және мүшелері аз ғана уақыттың ішінде бірталай жұмыстар атқарды. Яғни, 2023 жылдан бері өткізілмей кеткен ардагерлерге арналған «1 қазан - Қарттар күнінде» үлкен іс-шара ұйымдастырылып, дастархан жайылып, концерт қойылып, бағалы сыйлықтар тапсырылды. Ғасырға жуық жас жасаған құрметті ардагеріміз Жандосова Р.О. - ның үйіне барып, үлкен қошамет көрсетілді. Университетте өткізілетін барлық іс-шараларда ардагерлер кеңесінің мүшелері белсенділік танытуда.

2.Қожабеков С.С. – Экономика және құқық факультетінің ардагерлер кеңесінің төрағасы; Университетте және біздің факультетте ұзақ жылдар қызмет еткен бүгінде бақылық болған экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Мамырбаева О.Б.- ның атында дәріс беру кабинетін ашу жөніндегі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Университетте өткізілетін қыстық спартакиада ардагерлердің міндетті түрде қатысуы қайтадан қолға алынды.

Бастауыш ардагерлер ұйымының жұмысы **«қанағаттанарлық»** деп бағаланды, қаулы қабылданды. (*хаттамаға тіркелген*).

Екінші мәселе бойынша ардагерлер ұйымы кеңесінің 12 адамнан жаңа құрамы сайланды.

Басым дауыс беру нәтижесінде Кеңес құрамына сайланғандар:

1. Кабиева А.К. – Мәдениет және өнер кафедрасының меңгерушісі;
2. Абдықадырова Т.Р. – Филология және гуманитарлық ғылымдар факультетінің профессоры;
3. Халиева Ә.А. – зейнеткер;
4. Нұрымбетов Ә.Ү. – Технологиялық факультетінің профессоры;
5. Уалиев Б.М. – Технологиялық факультетінің доценті;
6. Минайдарова М.Е. – «Филология және гуманитарлық ғылымдар» факультетінің доценті;
7. Қожабеков С.С. – «Экономика және құқық» факультетінің доценті;
8. Қарабалаев Қ.А. – «Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық» факультетінің аға оқытушысы;
9. Тулеубаев Ж.С. – Жаратылыстану факультетінің профессоры.
10. Кушкимбаева Б.Ж. – жаратылыстану факультетінің аға оқытушысы;
11. Болтаев А.Д. – Педагогика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің профессоры;
12. Тастанова Ж.А. – зейнеткер.

Ардагерлер кеңесінің алғашқы мәжілісінде ұйым ардагерлерінің барлығының қатысуы кезінде Ардагерлер ұйымының төрағасы болып Кабиева А.К. бірауыздан қайта сайланды.

Үшінші мәселе бойынша БАҰ мүшесі Абдықадырова Т.Р. сөз алды:

2026 жылдың ақпан айында Тараз қалалық ардагерлер ұйымының XIII конференциясы өтетінін хабарлады және сол конференцияға БАҰ-нан делегат сайлау керектігін атап өтті. Төмендегі кандидатураны ұсынды:

Кабиева А.К. -М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің ардагерлер кеңесінің төрағасы. Ол кісінің жан-жақты іскер екендігі және университет ардагерлерінің барлық жағдайын білетіндігі және жүзбе-жүз олардың біразымен қоян-қолтық қызмет атқарғандығы ескерілді.

Осы кандидатураны университет ардагерлер кеңесінің мүшелері бірауыздан қолдады

Жиналыс шешімі

Тараз қалалық ардагерлер ұйымының XIII конференциясына делегат болып **Кабиева Айгүл Кабиқызы** – М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің ардагерлер кеңесінің төрағасы сайлансын.

Жиналыс төрағасы



Б.Е. Хусайынов

Хатшысы



Ж.А. Тастанова